

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 960 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 30 қазан N 1397.  
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.06.28. N 819 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Импортқа шығарылатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар алып ететін акциз салуға жатпайтын тауарлардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 960 қаулысының 1 қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 276-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

2204 (2204 30-дан басқа), 2205, 2206-дан СЭҚ ТН кодтары бойынша 2 және 3-бағандар мынадай редакцияда жазылсын;

"Шараптар, шампан шараптары 0,8 экю/литр  
шарап материалдары 0,1 экю/литр";

2207, 2208-ден СЭҚ ТН кодтары бойынша 2 және 3-бағандар мынадай редакцияда жазылсын;

"ішімдік этиль спирті, тағамдық  
шикізаттан өндірілген, тазартылған  
этиль спирт

3,5 экю/литр

күшейтілген сусындар, күшейтілген  
шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ  
бұйымдары, коньяктар 3,0 экю/литр"

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 644 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1126 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 523-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 мамырдағы N 556 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 маусымдағы N 701 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994-ж., N 28, 284-бап).

Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - м и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК